«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қамқоршылық кеңесі комиссия отырысының

ХАТТАМАСЫ

Жаңа Дәулет ауылы **№3** «21» қараша 2022ж

Қатысқандар:

1. Салманов Оразхан	Қамқоршылық кеңес төрағасы, ата-ана
2. Тастайбекова Айнұр	Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана
3. Ягнисов Сатжан	Қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер
4. Дәуэн Ләззат	Қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы
5. Фазылбек Абылай	Қамқоршылық кеңес мүшесі, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы
6. Жексенбаев Кадырбек	Қамқоршылық кеңес мүшесі, Дәулет селолық округіні бас маманы
7. Буркиталиев Бахтияр	Қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.

Күн тәртібінде:

Аудандық Жаңа жылдық шыршаға жетім және әлеуметтік қолдауға жататын аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына арналған жаңа жыл шыршасына қатысатын балаларды анықтау;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Салманов Оразхан өз сөзінде: қазіргі таңда мектепте мүжәлсіз отбасы балалары өте көп екендігін, аталмыш оқушылардың тұрмыстық жағдайларының төмендігіне байланысты көмекті қажет ететіндігін айта отырып, жылына 1 рет ұйымдастырылып отырған аудан әкімінің өткізілетін жаңа жылдық шырша мерекесіне көпбалалы, аз қамтылған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды қатыстыру керек. Жалпы мектебімізде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 білім алушы, жартылай жетім 123 отбасы, көпбалалы отбасының балалары 342, аз қамтылған отбасы балалары 354, барлығы 825 отбасының балалары білім алады. Комиссия мүшелері оқушылардың әлеуметтік картасына орай, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 білім алушының 2-еуі 13 жастан асқан, 4 оқушысы өткен жылы қамтылған, жартылай жетім отбасы балалары

арасында да жоғарыдағы талаптарды ескере отырып, олардың ішінде де 3 жылға дейін қамтылған оқушылардың барлығы, жас ерекшелігіне сәйкес болмауы, соның ішінде комиссия мүшелерінің отбасы жағдайымен танысу барысында 1 ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Нурланова Айгерим 4 «ә»сынып оқушысы, қамқоршы атасы Унаев Танжар, зейнеткер.

5 толық емес отбасы(жартылай жетім) олар: Тойлыева Арухан 3 «д»сынып оқушысы әкесі 2022 жылдың шілде айында қайтыс болған. Мектеп жасында екі баласы бар, үлкен ұлы студент 3-курс. Бисенбек Нұрсая 4 «ә»сынып оқушысы, әкесі 2020 жылы қайтыс болған, үлкен ұлы Ш.Есенов атындағы университеттің 3-курс студенті. Бауыржан Нұрбек 4 «е»сынып оқушысы, әкесі 2022 жылы қайтыс болған, көпбалалы ана, мектепте екі баласы оқиды. Айдарбаева Әмина 7 «б»сынып оқушысы, әкесі 2011 жылы қайтыс болған, анасы жұмыссыз, .Ергали Нұржан 7 «г»сынып оқушысы,әкесі 2011 жылы қайтыс болған, көпбалалы ана.

1 аз қамтылған, көпбалалы отбасы, Расули БиБи Сумая 4 «д»сынып оқушысы. Көпбалалы отбасы, 6 баласы бар. 2019жылы Ауғанстаннан көшіп келген.

5 толық емес отбасы (ажырасқан отбасы). Эдилбаев Мейрамбек 7«д» сынып оқушысы, алимент алмайды, сарай жалдап тұрады. «ООН-1» мекемесінде кіші қызметкер болып жұмыс жасайды. Қобланды Диана 3 «е»сынып оқушысы, 40 мың тг. алимент алады, баспанасы жоқ нағашыларының сарайында тұрады. Эрмек Ұлжантай 5«а»сынып оқушысы, алимент алмайды, баспанасы жоқ, нағашыларының сарайында тұрады. Тұрлан Ұлан 7 «в» сынып оқушысы. Әкесі II топтағы мүгедек, төрт баласы бар, оның үшеуі әкесінің қолында,бір баласы анасында, жұмыссыз. Джайық Ақбөбек 6 «б» сынып оқушысы, алимент алмайды, екі баласы бар. Жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен Дәулет әкімшілігінде іс жүргізуші болып жұмыс жасайды.

2 жалғыз басты ана (Ф-4). Акбаев Алихан 3 «ж» сынып оқушысы, атаулы әлеуметтік көмек алушы. Сарай жалдап тұрады.Үш баласы бар, екі баласы мектепте оқиды.Бір баласы мектепке дейінгі жаста, өзі жұмыссыз. Тлеумуратова Дильнура 5 «г» сынып оқушысы, баспанасы жоқ, апасының сарайында тұрады. ИП «Долбаев» дүкенінде кіші қызметкер болып жұмыс жасайды. Жоғарыда аталған оқушылардың үйлеріне қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірге әлеуметтік педагог және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары барып, отбасы жағдайымен танысты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай және талқылай келе комиссия шешім шығарды:

Шешім

Комиссия отырысының шешімі бойынша: Нурланова Айгерим 4 «ә» сынып оқушысы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасыдан шыққан (жартылай жетім) Тойлыева Арухан 3 «д» сынып оқушысы, Бисенбек Нұрсая 4 «ә» сынып оқушысы, Бауыржан Нұрбек 4 «е» сынып оқушысы, Айдарбаева Әмина 7 «б» сынып оқушысы, Ергали Нұржан 7 «г»сынып оқушысы, аз қамтылған,көпбалалы отбасы, Расули БиБи Сумая 4 «д» сынып оқушысы, толық емес отбасы (ажырасқан отбасы),Эдилбаев Мейрамбек 7«д» сынып оқушысы, Қобланды Диана 3 «е»сынып оқушысы, Эрмек Ұлжантай 5«а»сынып оқушысы, Тұрлан Ұлан 7 «в» сынып оқушысы, Джайық Ақбөбек 6 «б» сынып оқушысы, жалғыз басты ана (Ф-4). Акбаев Алихан

3 «ж» сынып оқушысы, Тлеумуратова Дилнура 5 «г»сынып оқушылары аудандық шырша мерекесіне қамтылады деп сөзін аяқтады.

Комиссия төрағасы **О. Салманов**

Хатшы **А. Орынбасарова**